Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық сериясы BA-338E TM DEKraft, үлгілері 22510DEK – 22515DEK автоматты сөндіргіштерге және оларды басқару мен қосуға арналған.

2. Стандарттар мен регламенттерге сәйкестілік

BA-330E сериядағы TM DEKraft автоматты сөндіргіштері МЕМСТ IEC 60947-2 стандартына және КО ТР 004, КО ТР 020 сәйкес келеді.

3. Тағайындалуы және қолдану саласы

Сериясы BA-330E автоматты сөндіргіштер электр энергиясын тарату үшін кернеуі 415 В дейінгі таратушы айналымы тоқ тізбектерінде қолдану үшін, сондай-ақ артық жүктемелерден және қысқа тұйықталу тоқтарынан туындауы мүмкін зақымдаудан тізбектерді қорғау үшін пайдалануға тағайындалған.

4. Пайдалану, монтаждау және тасымалдау ережелері және шарттары

4.1 Пайдалану және монтаждау ережелері және шарттары

- Бұйымды орнату орны теңіз деңгейінен 2000 м жоғары емес биіктігінде орнатылуы тиіс. Егер ол 2000 м жоғары болса, бұйым төмендетілген техникалық сипаттамалармен пайдалануы тиіс.


- Қоршаған ортаның рұқсат етілген температурасы -25... +60 °С, (қоршаған ортаның температурасы 25 °С болғанда) ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ≤ 95 %, 24 сағат ішінде орта температура 35 °С аспайды. Егер бұйым температура -40... -25 °С және +40... +70 °С кезінде пайдаланылатын болса, атаулы сипаттамалардың температураға байланысты өзгерістерінің кестесін қараңыз.
- Аса жоғары температура +40 °С болған кезде ауаның салыстырмалы ылғалдығы 50 % артық емес, ылғалдылықтың өзгеру себебінен бұйымның сырт бетінде ылғалдың суға айналуын ескере отырып, аса төмен температура болғанда ауаның салыстырмалы ылғалдығы аса жоғары (мысалы, +20 °С кезінде 90 %) болады.
- Сыртқы магнитті өріс жерге тұйықталудың магнитті өрісінен 5 есе артық болған жерлерде бұйымды орнатпаңыз. Осы шартты сақтамағанда автоматты сөндіргіш қалыпты режимде жұмысын атқара алмайды.
- Жарылуды болдырмау үшін бұйымды құрамында жарылысқа қауіпті газ бар ортада орнатпаңыз;
- Бұйымды металлдардың тоттануын және оқшаулаудың зақымдануын туындауы мүмкін құрамында жарылысқа қауіпті газ бар ортада орнатпаңыз.
- Бұйымның қорғаныс дәрежесі – IP20.
- Ластану деңгейі – 3.
- Бұйымды қолдану мерзімі өндірушінің монтаждау, қызмет ету және жөндеу жөніндегі ұсыныстарын сақтағанда 20 жыл болып белгіленген.

4.2 Сақтау және тасымалдау ережелері және шарттары

- Температура: -40 °С бастап +70 °С дейін.
- Салыстырмалы ылғалдылық: ≤ 95 %.
- Тасымалдау жабық көлікпен жүзеге асырылуы тиіс. Бұйымның зақымдануын болдырмау үшін тасымалдау кезінде бұйымды артық қысуды немесе ұқыпсыз айналысуды болдырмаңыз, тауарды лақтыруға және домалатуға болмайды.
- Сақтау мерзімі – 3 жыл.

5. Өнім сипаттамасы


5.1 Паспорт маңдайшасының сипаттауы








| | |
|--|-----------------|
| BA-338E | 22510DEK |
| Перечень вспомогательных элементов автоматического выключателя | |
| Блок управления | DC24В |
| ЭМ включения | AC220В |
| Независимый расц. | AC220В |
| Привод моторный | AC220В |
| Доп. контакт | 4НО 4НЗ |
| Страна изготовления: Китай | |
| DEKraft www.dekraft.com | |


| | | | |
|---|--|----|--|
| 1 | Атаулы тоқ | 8 | Қысқа тұйықталу тоғының сөндіргіш қабілеті |
| 2 | Атаулы жиілігі | 9 | Атаулы қысқа мерзімді ұсталатын тоқ |
| 3 | Атаулы импульстік ұсталатын кернеу | 10 | Ажыратуға жарамдылық |
| 4 | Қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылуының максималды уақыты | 11 | Сәйкестілік стандарттары |
| 5 | Қолдану санаты | 12 | Сериялық нөмірі |
| 6 | Атаулы кернеу | 13 | Өндірілген күні |
| 7 | Қысқа тұйықталудың шекті тоғының сөндіргіш қабілеті | | |

5.2 Сөндіргіштің беткі панелінің сипаттауы



1. Сөндіру батырмасы (O)
2. Қосу батырмасы (I)
3. Серіппені қайтару күйінің көрсеткіші:
 -  Энергияны жинау серіппесі қайтарылған
 -  Серіппені қайтаруға, іске қосуға рұқсат етілмейді
 -  Серіппені (ажырату) босату
4. Негізгі түйіспелердің күйін көрсеткіш
 -  Сөндірілген
 -  Іске қосылған
5. Серіппені қайтару иінтірегі
6. Басқару блогы (электронды ағытқыш)

5.3 Электронды ағытқыш атқарымдарының сипаттауы



- 16 Апаттық дабылдама көрсеткіші
- 17 Ұзақ мерзімді ұстау уақытымен артық жүктеме қорғанысының көрсеткіші
- 18 Қысқа мерзімді ұстау уақытымен қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу көрсеткіші
- 19 Жерге тұйықталу қорғанысының іске қосылу көрсеткіші
- 20 Кеңейтілген қорғаныс атқарымдары
- 21 Түсіру батырмасы
- 22 Ұзақ мерзімді ұстау уақытымен артық жүктеме қорғанысының тоқ тағайындамасы, I_R
- 23 Артық жүктеме қорғанысы уақытының тағайындамасы, t_R
- 24 Қысқа мерзімді ұстау уақытымен қысқа тұйықталу қорғанысының тоқ тағайындамасы, I_{sd}
- 25 Қысқа тұйықталу қорғанысының уақыт тағайындамасы, t_{sd}
- 26 Жерге тұйықталу қорғанысының тоқ тағайындамасы, I_g
- 27 Жерге тұйықталу қорғанысының уақыт тағайындамасы, t_g
- 28 Ағытқышты реттеуге қолжетімділікті бұғаттау
- 29 «Тестілеу» батырмасы
- 30 Лездік іске қосылудың қысқа тұйықталу қорғанысының тоқ тағайындамасы, I_i

6. Шартты белгілеудің құрылымы

ВА-330Е - 3Р - 1600А

Сериясы, соңғы таңбасы –
типтік өлшемі

Полюстердің саны

Атаулы ток

Е – электронды ағытқыш

7. Техникалық сипаттамалары

| | | |
|--|-----------------------------------|----|
| Техникалық параметрлер | ВА-338Е | |
| Атаулы кернеу U_e (В) | 400/415 | |
| Оқшаулаудың атаулы кернеуі U_i (В) | 1000 | |
| Атаулы импульстік ұсталатын кернеу U_{imp} (В) | 12000 | |
| Нақтылы жиілігі (Гц) | 50 | |
| Атаулы тоқ (А) | 1600 | |
| Қолдану санаты | В | |
| Сөндіргіш қабілеті | I_{cu} (кА) 400/415 В, 50 гЦ | 50 |
| | I_{cs} (кА) 400/415 В, 50 гЦ | 50 |
| | I_{cw} (кА) 400/415 В, 50 гЦ | 42 |
| (Техникалық қызмет көрсетумен) механикалық тозуға төзімділік | 1500 | |
| (Техникалық қызмет көрсетусіз) механикалық тозуға төзімділік | 500 | |
| Электрлік тозуға төзімділік (АС 400/415 В) | 500 | |

8. Жалпы нұсқаулар, монтаждау және іске қосу


8.1 Жалпы нұсқаулар



Автоматты сөндіргішті қатты соғу,
аудару немесе домалатуға болмайды.

Сақ болып айналасыңыз.

Айналысу тәсілдері төменде көрсетілген.



Талап етілетін құралдар



Кілт



Шетжақтық сомынды кілт



Оймакілтек бұрағыш




Айқара бұрауыш

8.2 Монтаждау


Орнату шарасы:

тағайындама күйі тік болуы тиіс, әрбір бағыттағы еңіс ең көбі 5°.

Орнату




Монтаждау
панеліне орнату




Бағыттауыштарға
орнату

Есік жиектемесімен опцияны таңдаған кезде есік жиектемесін орнату келесі сызба бойынша жүргізіледі:





① Шкаф есігінің
тесіктерінің өлшемдеріне
сәйкес қосу
② 8 бұраманы тартыңыз.
Есік жиектемесін
(бұрамамен) бекітіңіз




Шкаф есігін сәндіргіштің
қорғаныс қақпағы тура
есік жиектемесі арқылы
өтетіндей етіп жабыңыз


8.3 Габаритті және орнатқыш өлшемдер

8.3.1 ВА-338Е сериясының габаритті және орнатқыш өлшемдері (мм)








8.3.2 Монтаждау тесіктерін белгілеуге арналған үлгі



Монтаждау тақтасына орнату



Бағыттауыштарға орнату




Ескертпе:

X-X және Y-Y – 3-полюстік автоматты сөндіргіштің симметрия осьтері;

Z – автоматты сөндіргіштің артқы жазықтығы;


□: тіреуіш нүктесі.



(Қорғаныс жиектемесімен)
шкаф есігіндегі тесіктерінің
өлшемдері


(Қорғаныс жиектемесінсіз)
шкаф есігіндегі тесіктерінің
өлшемдері

8.3.3 Қауіпсіз орнату қашықтықтары



| | Оқшаулағыш бөлік | Металлды бөлік | Электрлік бөлік |
|---|------------------|----------------|-----------------|
| A | 0 | 120 | 180 |
| B | 0 | 10 | 60 |


8.3.4 БП-338Е қуаттау блогының габаритті өлшемдері




8.4 Автоматты сөндіргішті қосу

8.4.1 Негізгі тізбектерді қосу сұлбасы


BA-338E 3P



BA-338E 4P



8.4.2 Аппаратты қосу ұсынымдары




Шиналарды автоматты сөндіргішті қосу сұлбасы

Төмендегі кестеде шина қосқыштың және сөндіргіштің клеммасы арасында талап етілетін сәттер көрсетіледі.

Мәндер мыс шиналары мен болат сомындары және (қаттылығы 8.8) бұрамалар үшін пайдаланылады.


1. Клемманың бұрандалы түйреуішіне арналған зауыттық орнату 13 Н·м құрайды
2. Автоматты сөндіргіштің клеммасы
3. Шина
4. Бұрандама
5. Иректүтік
6. Сомын



Шинаны тарту сәті

| | | | | | | |
|--|------------------------|--|--|---------------------------|--------------------------|-----------------|
| | | | | Шинаны бұрғылау мысалы | | |
| Атаулы диаметрі (мм) | Бұрғылау диаметрі (мм) | Жазық тығырықты немесе серіппелі тығырықты пайдалануды қоса тарту сәті (Н·м) | Түйіспелі тығырықты немесе тесігі бар тығырықты тарту сәті (Н·м) | Оқшаулағыш қашықтық | | |
| | | | | | | |
| 10 | 11 | 37,5 | 50 | Берілетін кернеу | Минималды мәні | |
| | | | | $U_i \leq 600 \text{ В}$ | 8 мм | |
| | | | | $U_i \leq 1000 \text{ В}$ | 14 мм | |
| Шинаны бұрау Тығырық төмендегі кестеге сәйкес бұралуы тиіс. Шамадан артық бұрау тығырықтың зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін. | | | | Өлшемдер, мм | | |
| | | | | | Радиустың минималды мәні | Ұсынылатын мәні |
| | | | | | 5 | 5 |
| | 10 | 15 | 18–20 | | | |

8.4.3 Шиналардың ұсынылған өлшемдері



Төменде көрсетілген кесте келесі рұқсатқа негізделген:

- Шинаның анықталған максималды рұқсат етілген температурасы 100 °С құрайды;
- Т: сөндіргіштің және жеткізілетін шиналардың қоршаған ортасының температурасы;
- сырланбаған мыс шинасы;

Ескертпе

Кестеде көрсетілген мәндер эксперименттік және теориялық нәтижелер болып табылады, олар жоғарыда көрсетілген рұқсаттарға негізделген.

Бұл кесте шиналарды таңдаған кезде пайдалануы мүмкін және ұсыныс сипатында беріледі, нақты мәні құрылғыны тексеру жолымен белгіленуі тиіс.

| Температурасы | T: 40 °C | | T: 50 °C | | T: 60 °C | |
|------------------------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|-------------|
| Макс. жұмыс тоғы / Қалыңдығы | 5 мм | 10 мм | 5 мм | 10 мм | 5 мм | 10 мм |
| 630 | 2 x (40x5) | 1 x (40x10) | 2 x (40x5) | 1 x (40x10) | 2 x (40x5) | 1 x (40x10) |
| 800 | 2 x (50x5) | 1 x (50x10) | 2 x (50x5) | 1 x (50x10) | 2 x (50x5) | 1 x (63x10) |
| 1000 | 3 x (50x5) | 1 x (63x10) | 3 x (50x5) | 2 x (50x10) | 3 x (63x5) | 2 x (50x10) |
| 1250 | 3 x (50x5) | 2 x (40x10) | 3 x (50x5) | 2 x (50x10) | 3 x (63x5) | 2 x (50x10) |
| | 2 x (80x5) | 2 x (40x10) | 2 x (80x5) | | | |
| 1600 | 3 x (80x5) | 2 x (63x10) | 3 x (80x5) | 2 x (63x10) | 3 x (80x5) | 2 x (50x10) |


Ескертпе:

1600 А автоматты сәндірігішке 50-миллиметрлі шинаны пайдалану ұсынылады.

Қосылатын кабельдің ұсынылған қимасы

| Атаулы тоқ, А | Мыс шинасының өлшемдері, мм | Әрбір полюске арналған саны | Кабельдің көлденең қимасының ауданы, мм ² |
|---------------|-----------------------------|-----------------------------|--|
| 1600 | 100x5 | 2 | 1000 |


8.4.4 Бұрғылап тесілетін тесіктердің ұсынылатын өлшемдері



Ескертпе: Ұсынылатын қысқыш бұрамалар: 8.8 қаттылығымен М10.


Тарту сәті: 50 Н·м, түйіспелі тығырықтар үшін қолданылады.

8.4.5 ШВ-338Е шығармалы шиналарын қосу



Шығармалы шиналардың габариттік және орнатушылық өлшемдері:

A көрінісі



A фазасы, 3P арналған C B фазасы, 3P арналған B A фазасы, 4P арналған B C фазасы, 4P арналған N


9. Орнату және пайдалану

9.1 Автоматты сөндіргішті басқару

Энергия жинау режимінде жұмыс істеу


- Серіппені қолмен қайтару

Серіппені қайтару иінтірегін шертпек естілгенше басыңыз (7–8 рет). (Қайтару иінтірегі жұмыссыз күйіне ауысуы энергия жинақталуының аяқталғанын білдіреді Серіппені қайтару күйінің

көрсеткіші «» (энергияны жинақтау мен іске қосуға рұқсат берілді).


- Серіппені автоматты қайтару


Моторлы жетек кернеуді оған жинағаннан кейін энергияны автоматты жинау механизмін іске қосады.



Қосу және сөндіру

- Іске қосу үшін міндетті шарт:

1) Автоматты сөндіргіш сөндірулі күйінде болып табылады 

2) Серіппені қайтару күйінің көрсеткіші көрсетеді .




- Қосу тәртібі:

1. Қосу үшін «I» батырмасын басыңыз.

2. Бұл арада негізгі түйіспелердің күйін көрсеткіш іске қосылған күйін көрсетеді


.

3. Серіппені қайтару күйінің көрсеткіші көрсетеді «» (энергияның босауын).



9.2 Электронды ағытқыштың параметрлерін теңшеу

9.2.1 Ұзақ мерзімді кешігу уақытымен артық жүктеме қорғанысының сипаттамалары (I_R)



Ұзақ мерзімді кешігу уақытымен артық жүктеме қорғанысының іске қосылу тоғының шектік мәні:

$< 1,05I_R$: іске қосылуының болмағаны > 2 сағ;

$\geq 1,2I_R$: ұстау уақытымен іске қосылу.

Іске қосылу тоқ тағайындамаларының ауқымы I_R :

1000A: 400A, 500A, 560A, 630A, 700A, 800A, 900A, 950A, 1000A

1250A: 500A, 630A, 700A, 800A, 900A, 1000A, 1100A, 1200A, 1250A

1600A: 630A, 800A, 900A, 1000A, 1100A, 1250A, 1400A, 1500A, 1600A


Іске қосылу уақыт тағайындамаларының ауқымы t_R : 1 с, 2 с, 4 с, 8 с, 12 с, 16 с, 20 с, 24 с, 30 с

Реттеуші t_R – тұтқасымен белгіленген іске қосылу уақыты $6 I_R$ тең болатын артық жүктеме тоғының мәніне сәйкес келеді. Ұзақ мерзімді ұстау уақытымен әртүрлі теңшелімдер t_R , және $1,5I_R$, $2I_R$ және $6I_R$ тең тоқтар кезінде артық жүктеме қорғанысының іске қосылу уақытының мәндері төмендегі кестеде келтірілген:

| Кері тәуелді уақыт ұстамымен іске қосылу сипаттамалары I^2t : $t = (6/N) \times 2 \times t_R$ | | | | | | | | | |
|---|--|----|----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| Іске қосылу тоғының мәндері | Әртүрлі теңшелімдер t_R , с кезінде артық жүктеме қорғанысының іске қосылу уақытының мәндері, дәлдігі $\pm 10\%$ | | | | | | | | |
| | 1 | 2 | 4 | 8 | 12 | 16 | 20 | 24 | 30 |
| $1,5 I_R$ | 16 | 32 | 64 | 128 | 192 | 256 | 320 | 387 | 480 |
| $2 I_R$ | 9 | 18 | 36 | 72 | 108 | 144 | 180 | 216 | 270 |
| $6 I_R$ | 1 | 2 | 4 | 8 | 12 | 16 | 20 | 24 | 30 |

Ескертпелер:
 I_R – артық жүктеме қорғанысының іске қосылу тоғы тағайындамасының мәні;
 I – артық жүктеме тоғының мәні;
 N – артық жүктеме қорғанысының іске қосылу тоғы тағайындамасының еселігі I/I_R ;
 t – артық жүктеме қорғанысының іске қосылу уақыты;
 t_R : артық жүктеме қорғанысының іске қосылу уақытының тағайындамасының реттелінетін мәні;
 Іске қосылу уақытының рұқсат етілген қателігі $\pm 10\%$.

9.2.2 Қысқа мерзімді кешігу уақытымен қысқа тұйықталу қорғанысының сипаттамалары (I_{sd})



Қысқа мерзімді кешігу уақытымен қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу тоғының шектік мәні:

$< 0,9I_{sd}$: іске қосылуының болмағаны;

$\geq 1,1I_{sd}$: ұстау уақытымен іске қосылу

Іске қосылу тоқ тағайындамаларының ауқымы I_{sd} : $1,5I_R$, $2I_R$, $3I_R$, $4I_R$, $5I_R$, $6I_R$, $8I_R$, $10I_R$, OFF.

Іске қосылу уақыт тағайындамаларының ауқымы t_{sd} , с: 0,1; 0,2; 0,3; 0,4

| КЗ тоғының мәні | Іске қосылу уақыты, с | t_{sd} | | | | |
|-------------------------|-----------------------|----------------------------------|------|------|------|------|
| | | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,4 | |
| $I_{sd} < I \leq 8 I_R$ | I^2t ON | $I^2t: t = (6/N)2 \times t_{sd}$ | | | | |
| | | t_{sd} | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,4 |
| $I \geq 1,1 I_{sd}$ | I^2t OFF | t_{sd} | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,4 |
| | | min | 0,08 | 0,14 | 0,23 | 0,35 |
| | | max | 0,14 | 0,2 | 0,32 | 0,5 |

Ескертпелер:


I_{sd} – қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу тоғының тағайындамасы;

I – қысқа тұйықталу тоғы;

I_R – артық жүктеме қорғанысының іске қосылу тоғының тағайындамасы;

t – іске қосылу уақыты;
 t_{sd} – қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу уақытының тағайындамасы;
 I^2t ON кері тәуелді уақыт ұстамы
 I^2t OFF тұрақты уақыт ұстамы
 Іске қосылу уақытының рұқсат етілген қателігі $\pm 20\%$.

9.2.3 Лездік әрекет етудегі қысқа тұйықталу қорғанысының сипаттамалары




Лездік әрекет етудегі қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу тоғының шектік мәні
 $< 0,85xI_i$: іске қосылуының болмағаны
 $> 1,15xI_i$: іске қосылуы

Лездік әрекет етудегі іске қосылу тоғы тағайындамаларының ауқымы: $2xI_n, 3xI_n, 4xI_n, 6xI_n, 8xI_n, 10xI_n, 12xI_n, 15xI_n, OFF$.

Іске қосылу уақытының рұқсат етілген қателігі ≤ 50 мс.

9.2.4 Жерге қысқа тұйықталу қорғанысының сипаттамалары



Жерге қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу тоғының шектік мәні:

$< 0,9xI_g$: іске қосылуының болмағаны

$\geq 1,1xI_g$: ұстау уақытымен іске қосылу

Іске қосылу тоқ тағайындамаларының ауқымы I_g :

1000A: 200A, 300A, 400A, 500A, 600A, 800A, 900A, 1000A, OFF

1250A: 500A, 600A, 700A, 800A, 900A, 1000A, 1100A, 1200A, OFF

1600A: 500A, 600A, 700A, 800A, 900A, 1000A, 1100A, 1200A, OFF

Іске қосылу уақыт тағайындамаларының ауқымы t_g, c : 0,1; 0,2; 0,3; 0,4

| Іске қосылу уақыты, с | | | | | |
|-----------------------|----------------------------------|------|------|------|------|
| I^2t ON | t_g | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,4 |
| | $I^2t: t=(I_g)^2 \times t_g/I^2$ | | | | |
| I^2t OFF | t_g | 0,1 | 0,2 | 0,3 | 0,4 |
| | min | 0,08 | 0,14 | 0,23 | 0,35 |
| | max | 0,14 | 0,2 | 0,32 | 0,5 |

Ескертпелер:

I – жерге қысқа тұйықталу тоғы;

I_g – жерге қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу тоғының тағайындамасы;

t – іске қосылу уақыты;

t_g – жерге қысқа тұйықталу қорғанысының іске қосылу уақытының тағайындамасы;

I^2t ON кері тәуелді уақыт ұстамы

I^2t OFF тұрақты уақыт ұстамы

Іске қосылу уақытының рұқсат етілген қателігі $\pm 20\%$.

9.2.5 Электронды ағытқыштың зауыттық теңшелімдері

| Іске қосылу қисық сызығы I^2t | Ұзақ мерзімді кешігу уақытымен артық жүктеме қорғанысы | | Қысқа мерзімді кешігу уақытымен қысқа тұйықталу қорғанысы | | Лездік әрекет етудегі қысқа тұйықталу қорғанысы | Жерге қысқа тұйықталудан қорғаныс | | Жылу жады |
|---------------------------------|--|-------|---|----------|---|-----------------------------------|-------|-----------|
| | I_R | t_R | I_{sd} | t_{sd} | | I_g | t_g | |
| | 1600 A | 30 с | 6 In | 0,2 с | 10In | 100 A | 0,4 с | 20 мин |

9.2.6 ВА-338Е автоматты сөндіргішінің іске қосылу сипаттамалары осы нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген.

10. Автоматты сөндіргіштің аксессуарлары

10.1 Көмекші құрылғылардың тізбесі.

ВА-338Е автоматты сөндіргішімен жиынтықталған жеткізілімнің аксессуарлары:

ДК1 – ДК4 – қосымша түйіспелер

Қорғаныс жиектемесі

Фаза аралық қалқандар

Тапсырысқа бөлек берілетін көмекші керек-жарақтар:

РН-338Е – тәуелсіз ағытқыш

ЭМ-338Е – іске қосу электрмагниті

МП-338Е – моторлы жетек

БП-338Е – электронды ағытқышты қуаттау блогы

ШВ-338Е – шығарғыш шиналар (8.4.5-т қар.)

- Қашықтықтан басқару

МХ тәуелсіз ағытқышы



Автоматты сөндіргіш іске қосылғанда тәуелсіз ағытқыш автоматты сөндіргіштің лездік сөндірілуін қамтамасыз етеді және көрсетілген қуаттау кернеуінде қашықтықтан басқарылады.

- Номиналды басқарушы қуат кернеуі: 220/230 В AC
- Жұмыс кернеуі: (0,7–1,1) Us
- Сөну уақыты: 50 ± 10 мс

XF іске қосу электрмагниті



Автоматты сөндіргіш энергияны жинақтағаннан кейін тұйықтаушы орауыш көрсетілген қуаттау кернеуі кезінде тұйықталған күйіне ауысуы мүмкін, ал автоматты сөндіргіш қашықтықтан басқарылуы мүмкін.

- Номиналды басқарушы қуат кернеуі: 220/230 В AC
- Жұмыс кернеуі: (0,85–1,1) Us
- Тұйықталу уақыты: 55 ± 10 мс

МСН моторлы жетегі



Автоматты сөндіргішті тәуелсіз ағытқыштың және іске қосу электрмагнитінің қимылымен ажырату немесе қосу мүмкіндігі болу үшін моторлы жетек серіппенің автоматты қайтаруын қамтамасыз ете алады (энергияны жинақтау). Қуаттау көзі болмағанда автоматты сөндіргіштің энергиясын жинақтау үшін арнайы тұтқа пайдалануы мүмкін.

- Номиналды басқарушы қуат кернеуі: 220/230 В AC
- Жұмыс кернеуі: (0,85–1,1) Us
- Тұтынатын қуаты: 75 Вт/180 Вт
- Энергияны жинау уақыты: < 5 с
- Қолдану санаттары: AC15

- Индикациялауға арналған түйіспелер

OF1 – OF4 қосымша түйіспесі



Екі аудармалы түйіспе, олар автоматты сөндіргіштің негізгі түйіспелерінің күйін (Іске қосылған/Сөндірілген) бақылау үшін пайдалануы мүмкін.

Термиялық төзімділік тоғы Ith:

400/380 В AC – 0,75 А

220 В DC – 0,15 А

230 В AC 1,3 А.

- Пайдалану және қорғаныс

Қорғаныс жиектемесі



Таратушы шкафтың есігінде қорғаныс жиектемесін орнату арқылы қорғаныс дәрежесін IP-ден IP40 қарай арттыру мүмкін.

Фаза аралық қалқандар



- Фаза аралық қалқандарды орнату жылыстау тоғының қашықтығын ұлғайтады және оқшаулау сипаттамаларын жақсартады.
- Фаза аралық қалқан автоматты сөндіргіштің полюстары арасында тік түрінде орнатылады.

- Электронды ағытқыштың көмекші керек-жарақтары

Қуаттау блогы БП-338Е




- Электронды ағытқыштың 230 В АС тізбектерінде көмекші қуаттауын қамтамасыз етеді.
- Кірісі 230 В АС, рұқсат етілген ауытқу $\pm 20\%$.
- Шығысы 24 В DC, рұқсат етілген ауытқу $\pm 5\%$, шығыс (4 жиынтық) 24 В DC.
- Қуаттылығы 7 Вт.

10.2 Ішкі көмекші құрылғыларын орнату

Автоматты сөндіргіш әдепкі қалпы бойынша көмекші керек-жарақтармен (аксессуарлармен) жиынтықталып жеткізіледі.

Техникалық қызмет немесе жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде (11-т. қар.) төменде көрсетілген сұлбаны қолданыңыз:




① Алдыңғы панельді алып тастаңыз


② Екіншілік тізбектердің клеммаларын алып тастаңыз




Қауіптілік:
Жұмыстарды жүргізу алдында аппарат кернеулі болмағанына көз жеткізіңіз



10.3 Автоматты сәндіргіштің көмекші тізбелерін қосу



4. Көмекші клеммаларды тура сәндіргіштің ойығына салыңыз.
5. Клемма нөмірін тексеріңіз.
6. Дәл сол сериялық нөмірімен сымдарды қондырыңыз.



Сымдардың көлденең қимасының ауданы:


min S: 0,6мм²

минимум 0,6 мм²;

max S: 2,5мм²

максимум 2,5 мм².

Оқшаулауды алып тастау ұзындығы кемінде 8 мм болуы тиіс.



4. Оймакілтек бұрағышты клеммалы қалыпқа салыңыз және оны қатты басыңыз.
5. Сымды бір мезгілде жоғары клеммаға салыңыз.
6. Оймакілтек бұрағышты босатып жіберіңіз жән сымды көмекші клеммаға қосыңыз.

Автоматты сәндіргіштің көмекші тізбелері клеммаларының белгіленуі

| Res | SWT2 | UM | ZSI | Pow | SWT | Com | CT |
|-----|------|-------|-------|-----|-----|-----|----|
| | | 22 | 13 17 | 1 | 5 | 10 | 25 |
| | | 23 | 16 19 | | 3 | 12 | |
| | | 21 24 | 14 15 | 2 | 4 | 11 | 26 |

Электронды ағытқыш

| MN | MX | XF | MCH | PF |
|----|----|----|-----|----|
| 27 | 29 | 31 | 35 | |
| | | | 33 | |
| 28 | 30 | 32 | 34 | |

Қашықтықтан басқару

| OF4 | OF3 | 3F2 | OF1 |
|-----|-----|-----|-----|
| 38 | 41 | 44 | 47 |
| 36 | 39 | 42 | 45 |
| 37 | 40 | 43 | 46 |

Қосымша түйіспелер

ВА-338Е автоматты сәндіргішінің көмекші тізбелерін қосу сұлбасы осы нұсқаулықтың 2-қосымшасында көрсетілген.

11. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

11.1 Техникалық қызмет көрсету шаралары кестеде келтірілген:

| | |
|---|---|
| 1. Тексерулерді үнемі өткізіп отыру талап етіледі | |
| Уақыт аралығы | Жұмыс режимі |
| Жыл сайын | кіріктірілген қосымша аксессуарлар көмегімен қолмен және қашықтықтан жүргізілетін іске қосу/сөндіру операциялары Операцияларды орындау шарасын тексеру Шағын тестілеу жинақтарын пайдалана отырып, электронды ағытқышты тексеру |
| Әрбір екі жыл сайын немесе ағытқышқа қызмет көрсету мәні 100-ге жеткен кезде | Доға сөндіргіш камераны тексеру Түйіспелер жүйесін тексеру Қосу сенімділігін тексеру |
| 2. Пайдалану жағдайларына сәйкес ауыстырылуы тиіс бөлшектер Жабдықты қолдану мерзімін ұзарту мақсатында қосалқы бөлшектерді мерзімді ауыстыру келесі құрамдас бөлшектер үшін жүргізілуі тиіс (пайдалану кезеңі үшін максималды мәні) | |
| Керек-жарақтар | Жауапты тарап |
| МСН моторлы жетегі | Пайдаланушы |
| Тәуелсіз ағытқыш//Іске қосу электромагниті | |

11.2 Техникалық қызмет көрсету жөнінде жұмыстар

- Пайдалану барысында айналма бөлшектер маймен жүйелі майлануы тиіс.
- Тиісті оқшаулау деңгейін қолдау үшін жүйелі техникалық қызмет көрсету және шаң сұрту талап етіледі.
- Түйіспелер жүйесі жүйелі тексерілуі тиіс, атап айтқанда әрбір қысқа тұйықталудан кейін:
 - түтін іздері доға сөндіргіш камераның екі қабырғасында; доға сөндіргіш камера қабырғаларының тұтастылығын; тор зақымдануының қарқындылығы – зақымдану дәрежесіне сәйкес ауыстыруды жүргізу қажет;
 - түйісу бетін тексеру. Егер түйісу қалыңдығы 1 мм кем болса, оны ауыстыру үшін өндіруші зауытқа жіберу керек;
 - қосушы бөлшектерді бекіту тығыздығы.
- Егер автоматты сөндіргіш апат жағдайында іске қосылған болса, бақылағыштың жарық көрсеткіші қуаттауды өшіргеннен кейін жадта сақталатын жарамсыздық себебін көрсету үшін жанады. Қуаттауды қалпына келтіргеннен кейін соңғы апаттық сөнудің себебін анықтау үшін беткі панельдегі «Reset» түсіру батырмасын басыңыз. Жаңа жарамсыздық туындаған кезде бұрынғы жарамсыздық тарихын тазартыңыз және жаңа жарамсыздық тізбесін сақтаңыз.

Ескертпе. Тестілеу режимінде қуаттаудың еліктелген сөндірілуі жадта сақталмайды. Тексергеннен кейін бақылағыш қалыпты күйіне келу үшін түсіру батырмасын басыңыз.

11.3 Диагностикалау және жарамсыздықтарды жою

| Жарамсыздық | Себептерді талдау | Жою әдісі | Ескертпелер |
|--|---|---|---|
| Моторлы жетек серіппені қайыра алмайды | Берілген кернеу атаулы түріне сәйкес келмейді | Заттаңбада көрсетілген атаулы кернеудің мәні берілген кернеуге сәйкестілігін тексеріңіз | Сыртқы қаттау көзі талаптарға сәйкес келуі тиіс, қосылуы дұрыс болуы тиіс |
| | Автоматты сөндіргішті қосқан кезде қате жіберілді | Қосылыстарды электр сұлба бойынша мультиметр көмегімен тексеріңіз. | |
| | Моторлы жетек жанып кетті | Моторлы жетекті ауыстырыңыз | |
| | Энергияны жинақтау аяқталды, ал моторлы жетек жұмыс істеуді жалғастырды. | Ішкі жолдық ажыратқыш зақымданған, жолдық ажыратқышты ауыстырыңыз | |
| Автоматты сөндіргішті іске қосылған күйіне ауыстыру мүмкіндігі жоқ | Қысқа тұйықталу жүктеме жағында немесе электронды ағытқыштың «Reset» түсіру батырмасының жарамсыздығы | Қысқа тұйықталу себебін жойыңыз немесе түсіру батырмасын қайта жүктеңіз | |
| | Тәуелсіз ағытқыш ұзақ уақыт бойы кернеулі болып табылады | Тәуелсіз ағытқыш ұзақ мерзім ішінде кернеулі болуы мүмкін емес; тізбекті | |

| | | | |
|--|--|---|-----|
| | | тексеру керек; зақымдануы болғанда ауыстырыңыз | |
| Автоматты сөндіргішті жиі іске қосылуы | Бақылағышты түсіру қызыл батырмасы іске қосылады | Қандай жарық көрсеткіші жанатынын тексеріңіз және жарамсыздық себебін жойыңыз. Егер жарамсыздық анықталмаған болса, ағытқышты ауыстырыңыз | --- |

12. Жиынтықтылық

Алған бұйымның мына заттарын тексеру үшін корпусты ашыңыз:

- тасымалдау барысында сыртқы қаптамасының зақымдануы немесе тұтқаның сынуы;
- қаптау торабын, оның ішінде болуы тиіс:

| | | | | |
|---------------------|---------|--|-----------------|-------------------------------|
| Жеткізілім жиынтығы | Құрылғы | Фазааралық қалқан | Орнату бұрамасы | Пайдалану жөніндегі нұсқаулық |
| Саны | 1 дана | 4 полюс (3 дана.) 6 полюс (4 дана.) | 1 жиынтық | 1 дана |

13. Көдеге жарату туралы ақпарат

ВА-330E сериядағы TM DEKraft автоматты сөндіргіштері қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін бөлшектеуге және қара және түсті металдарды өңдейтін ұйымдарға берілуге жатады. Дроссельдері құрылымында адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті заттар мен материалдар жоқ.

14. Ақаулық себебін іздеу және түзету

Төмендегі кестеден құрылғының ықтимал ақауларының шешімдерін таба аласыз.

| Ақаулық белгілері | Мазмұны | Емдеу құралдары |
|--------------------------------------|--|---|
| 1. Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді | 1. Қорғалған желіні және өткізгішті тексеріңіз. Оқшаулау бұзылған болуы мүмкін. | 1. Берілген өткізгіштерді ауыстырыңыз. 2. Құрылғыны ауыстырыңыз |
| 2. Құрылғының терминалдары тым ыстық | 1. Өткізгіштің диаметрі тым кішкентай. 2. Бос өткізгіш қосылымы. 3. Өткізгіш тотыққан. | 1. Өткізгішті үлкенірек өткізгішпен ауыстырыңыз. 2. Терминалдағы өткізгіштің орнын тексеріңіз, терминалды созыңыз. 3. Кабельді ауыстырыңыз немесе тотығуды кетіріңіз. |

15. Кепілдікті міндеттемелер

Пайдаланушы пайдалану, сақтау, сондай-ақ бұйымды тиісті түрінде сүргі салу жөніндегі талаптарды сақтаған жағдайда біздің компания бұйымды өндірген күннен бастап 3 жыл ішінде оны өтеусіз жөндеуді немесе бұйымның сапасыз өндірілген себептерден туындаған жарамсыздық немесе штаттық пайдалану мүмкінсіздігі жағдайында оны ауыстыруды жүргізеді. Кепілдік мерзімі өткеннен кейін бұйымды жөндеу бойынша ақылы қызметтер ұсынылады. Кепілдік мерзімі ішінде төменде көрсетілген жағдайлардың себебінен туындаған жарамсыздықтар болғанда бұйымды ақылы жөндеу жүргізіледі:

- 1) Жарамсыз пайдалану, техникалық қызмет көрсету немесе сақтау.
- 2) Өз еркімен түрлендіру, жарамсыз профилактикалық жөндеу.
- 3) Тасымалдау немесе монтаждау барысында абайсыз айналысу себебінен бұйымды зақымдау.
- 4) Жер сілкінісі, өрт, найзағай түсу, қалыпсыз электрлік кернеу, екінші реттік апаттар және басқа еңсерілмейтін күш жағдайлары.

Сұрақтар болғанда, өтінеміз, сіздің дилеріңізбен немесе осы компанияның клиенттерге қызмет көрсету бөлімімен байланысыңыз. Клиенттерді қолдау орталығының жедел желісі: 8 (495) 777 99 90.

Кепілдікті міндеттемелер кезеңінде жүгіну қажет:

Уәкілетті жеткізіп беруші:

АО «Шнейдер Электрик»

127018, Ресей, Мәскеу қаласы, Двинцев көшесі, 12-үй, 1-корпус, 6-қабат, I бөлімі, 15-бөлме.
Тел.: 8-800-200-64-46 (көп арналы),
+7 (495) 777-99-90, факс: +7 (495) 777-99-94
www.schneider-electric.ru, www.dekraft.ru
«Delixi Electric (Wuhu) Ltd.» бірлескен кәсіпорын зауытта өндірілген.
Wuhu Machinery Industrial Park, Wuhu city, Anhui Province, China 241100

ООО «Шнейдер Электрик Бел»
220007, Беларусь, Минск, Мәскеу көш., 22-9
Тел.: +375-17-236-96-23, Факс: +375-17-236-95-23
Электрондық пошта: blr.ccc@schneider-electric.com
https://www.schneider-electric.by, www.dekraft.com
«Delixi Electric (Wuhu) Ltd.» бірлескен кәсіпорын зауытта өндірілген.
Wuhu Machinery Industrial Park, Wuhu city, Anhui Province, China 241100

ЖШС «Шнейдер Электрик»
Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даң., «Кен Дала» Бизнес Орталығы, 5-ші қабат.
Тел.: +7 (727) 357 23 57
Факс.: +7(727) 357 24 39
«Delixi Electric (Wuhu) Ltd.» бірлескен кәсіпорын зауытта өндірілген.
Wuhu Machinery Industrial Park, Wuhu city, Anhui Province, China 241100

16. Қабылдау туралы куәлік



Аппарат МЕМСТ ІЕС талаптарына, Кедендік Одақ Техникалық реттемесіне сәйкес келеді және пайдалануға жарамды болып танылған.

Дайындалған күні: _____

Өндірушінің техникалық бақылау мөртаңбасы


1-қосымша

ВА-338Е автоматты сәндіргішінің іске қосылу сипаттамалары



2-қосымша

ВА-338Е автоматты сәндіргішінің көмекші тізбелерінің іске қосылу сұлбасы.



Автоматты сәндіргішпен жиынтықталған жеткізілімнің элементтер тізбесі:

ДК1 – ДК4 – қосымша түйіспелер

РН – тәуелсіз ағытқыш

ЭМ – іске қосу электрмагниті

МП – моторлы жетек

РМ – минималды кернеудегі ағытқыш

Пайдаланушы тапсырысқа бөлек беретін элементтердің тізбесі:

SB1 – қосу батырмасы

SB2 – сәндіру батырмасы

SB3 – апаттық сәндіру батырмасы

Қуаттау блогы 220 В AC/24 В DC (БП-338Е)

Бақылағышты қосу жөніндегі нұсқаулықтар:

БП: қозғалтқышты сыртқы қуат көзінің кірісі.

1# және 2# көмекші қуаттау блогына 24 В DC арналған;

1# оң полюске қосылады, ал 2# теріс полюске қосылады.

СК: апаттық іске қосылудың түйісу шығысы (апаттық дабылдама түйіспесі), клемма нөмірлері:

3#, 4# және 5#, мұнда 4# ортақ сымның клеммасы болып табылады. Түйіспенің жүктеме қабілеті: 400 В айнымалы ток, 5 А.

1-ескертпе. Электронды ағытқыш БП-338Е қуаттау блогына қосылуы тиіс, ол оның көмекші қуаттауын қамтамасыз етеді.

2-ескертпе. Сұлбаға сәйкес стандартты конфигурацияға MX, XF және MCH, 4НО4Н3 кіреді.

3-ескертпе. Минималды кернеудегі ағытқыштың клеммалары 27# және 28# MN негізгі тізбекке қосылады. Стандартты жиынтықтылыққа минималды кернеудегі ағытқыш кіреді.

4-ескертпе. Энергияның алдын ала автоматты жинақталуын жүзеге асыру үшін клемма 35# тура қуаттау көзіне қосылуы мүмкін немесе қолмен басқарылуы бар энергия жинақтауды іске асыру үшін қалыпты ажыратылған түйіспесімен батырманы реттеп қосқаннан кейін қуаттау көзіне қосылуы мүмкін.

Нүктелі сызықпен пайдаланушымен қосылатын қосылыстар белгіленген.